**Сауран ауданы әкімдігінің дербес бөлімдері мен ауылдық округтерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы**
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ**

**Шорнақ ауылы** **29.06.2026 жыл**

**Талданатын обьект туралы мәлімет:**

**Сауран ауданы әкімдігіне қарасты дербес бөлімдер және ауылдық округ әкімі аппараттары.**

**Талдаудың негізі:**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту» Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19-қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16-қаңтарындағы №21 бұйрығына, Сауран ауданы әкімінің 04 мамыр 2026 жылғы №40 н/қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» өкімі негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді:

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыттары:**

1. **Персоналды басқару;**
2. **Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**
3. **Ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметпен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**
4. **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер;**
5. **Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу.**

**Талдау жүргізу мерзімі:** 2026 жылдың 14 мамыр – 26 маусым.
**Талдау жүргізу кезеңі:** 2025 жыл мен 2026 жылдың 6 айы.

**Талдамалық анықтама:**

1. **Персоналды басқару.**

Сауран ауданы әкімінің персоналды басқару бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің негізгі индикаторлары: лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі меселелерінің реттелмеуі; конкурстық

іріктеуді өткізбей лауазымға тағайындау; конкурстық іріктеуді ресми жүргізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау; алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу; тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау.

Сауран ауданы әкімдігінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша жалпы конкурс нәтижесімен жаңадан жұмысқа қабылданған мемлекеттік қызметшілер саны – 13, ал ішкі конкурс нәтижесімен жұмысқа тағайындалған мемлекеттік қызметшілер саны – 2, ауыстыру тәртібімен тағайындалған мемлекеттік қызметшілер саны – 6.

2026 жылдың 6 айдың қорытындысы бойынша жалпы конкурс нәтижесімен жаңадан жұмысқа қабылданған мемлекеттік қызметшілер саны – 26, ал ішкі конкурс нәтижесімен жұмысқа тағайындалған мемлекеттік қызметшілер саны – 3, ауыстыру тәртібімен тағайындалған мемлекеттік қызметшілер саны – 4. Ауданға жұмысқа қабылдану үшін ең алдымен Сауран ауданы әкімі аппаратының ресми сайтындағы бөлімінде 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін ішкі конкурстар жарияланды және «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінде Сауран ауданы жалпы конкурс жарияланады. Конкурстық құжаттамаларды қабылдау барысында біліктілік талаптарына толық сәйкестігі туралы, кандидаттардың дипломдары, еңбек өтілін және жұмыс тәжірибесін Сауран ауданы аппаратының персоналды басқару бөлімі қадағалап, тексереді. Құжаттарын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін кандидатпен сұхбаттасу және практикалық бағалау жүргізіліп, Сауран ауданы әкімі аппаратының комиссия мүшелерінің хаттамалық шешімі бойынша жұмысқа қабылданады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану жалпы саны-101, оның ішінде ескерту-83, сөгіс- 18, басшылық лауазымдарға-36, атқарушы төменгі лауазымдарға-65.

2026 жылдың 6 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану жалпы саны-50, оның ішінде ескерту-46, сөгіс- 2, қатаң сөгіс- 2, басшылық лауазымдарға-28, атқарушы төменгі лауазымдарға-22 шара көрілген. Тәртіптік шараларды қолдану және алып тастау Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларына сәйкес, тәртіптік жазаларды негізсіз, қысқа мерзім ішінде алып тастау, тәртіп жаза алған мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу-сыйақы беру фактілері орын алмаған.

**2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Ауданның мемлекеттік қызметшілері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы,

өздеріне бұл жөнінде мәлім болған кезден бастап жазбаша нысанда хабарлауға міндетті екендігі ескерілген.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде Сауран ауданы әкімдігінде мүдделер қақтығысы орын алмаған.

**3. Ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметпен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

**1) Ғимараттардың құрлысы бойынша орындалған жұмыстар актісін қарау мәселесі;**

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №215-НҚА бұйрығымен ақпараттық жүйеде электрондық форматта атқарушылық құжаттаманы жүргізу бөлігіндегі ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру» нормативіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2023 жылдан бастап іске асырылып жатқан нысандар құрылысындағы барлық атқарушы техникалық құжаттамалар, техникалық және авторлық қадағалаушылар, сондай-ақ мердігерлер «eQurylys» АЖ электрондық форматта жүргізуде. Бұл ретте нақты айқындалған мерзімдерде қарау-келісу немесе қараусыз кері қайтару рәсімдерін де электронды түрде жүргізу жүйелендірілді және орындаушы мен тапсырыс беруші арасында бетпе-бет қарым қатынас орын алмауына септігін тигізуде.

**4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысты.**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/269 бұйрығына сәйкес, «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнаулы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу, сондай-ақ, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы құрылыс машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу, жыл сайынғы мемлкеттік техникалық байқаудан өткізу» және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметі «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асыралатыны айқындалған.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:** Алайда, Сауран ауданы әкімдігінің ауылшаруашылығы бөлімінде «Электронды үкіметтің» веб-порталы, "Е-лицензиялау" порталы арқылы аталған қызметті жүзеге асыратын маманның (штаттың) болмауына байланысты қазіргі таңда бұл қызметті 3 жылдан бері өзге мекеменің (Түркістан қаласы әкімдігінің) маманы атқарып келгендігі анықталды. Бұл, өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудырады.

**Шешу жолы**: Қолданыстағы штат бірліктерін оңтайландыру арқылы, Сауран ауданы әкімдігінің ауылшаруашылығы бөлімінің қолданыстағы штат кестесі шеңберінде тиісті салалық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру функцияларын бөлімнің қолданыстағы мамандарының лауазымдық нұсқаулықтарына (функционалдық міндеттеріне) қосымша жүктеу арқылы бекіту.

Құзыреттілікті арттыру: "Е-лицензиялау" және "Электронды үкімет" веб-порталдары арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету бағытында жауапты маманның функционалдық міндеттерін тиісті түрде атқаруын қамтамасыз ету мақсатында оқыту курстарына жолдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру жұмыстарын жүргізу

**5. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу.**

Жоғарыда көрсетілген мерзім аралығында Сауран ауданы әкімдігінде қызметкерлердің еңбекақысы мен іссапар шығындары уақытылы төленген. Жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша шағым-арыздар түспеген.

Мемлекеттік сатып алу объектілері болып табылатын әрбір тауардың, көрсетілетін қызметтің немесе жұмыстың тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер жіктеуішіне (КТР) сәйкес бірегей сәйкестендіру коды болады. КТР кодын дұрыс пайдалану сатып алу процесінің ашықтығы мен тиімділігі үшін өте маңызды.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:** «О-маркет» электронды дүкенін зерделеу барысында бірнеше КТР кодтары бірдей тауарларды бөлшектеу арқылы сатып алынған жайттар орын алған *(қосымша ақпарат кестеде көрсетілген)*, сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында «О-маркет» электронды дүкені арқылы жарияланған лоттардың өнім берушілері көбіне бірыңғай өнім берушілер болып табылады.

**Шешу жолы:** Бірегей сәйкестендіру коды бірдей тауарларды бөлшектеуге жол бермеу. Егер де сәйкестендіру коды бірдей тауарларды немесе қызметтерді сатып алу барысында олардың жалпы соммасы 4000 мрп-дан асқан жағдайда бәсекелестік ортада жүргізу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау мақсатында бірегей өнім берушілермен келісім шарттар жасауды болдырмау.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген:**

**Сауран ауданы әкімі аппаратының басшысы, жұмысшы топ төрағасы** — **Б. Абубакиров**

**Аудан әкімі аппаратының Мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің бас маманы, жұмысшы топ хатшысы** — **С. Сартбаев**

**Аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы, топ мүшесі** — **Н. Әшіров**

**Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімінің басшысы, топ мүшесі** — **М. Шәми**

**Аудан әкімі аппаратының өтініштердің қаралуын бақылау және құжаттандыру бөлімінің басшысь топ мүшесі** — **Е. Жанаділ**